- Жабдықты пайдалану мүмкіндігін шектейтін мүгедек балалардың немесе ересек адамдардың жанында оны пайдалану туралы нұсқау беретін жауапты және құзыретті адам болуы керек. Нұсқаушы ондай адамдар жабдықты өзіне немесе айналасына қауіп төндірмей пайдалана алатынына көз жеткізуі керек.
- Нұсқаулықта арнайы ұсынылмаса, жабдықтың ешбір бөлігін жөндемеңіз немесе ауыстырмаңыз. Басқа қызмет көрсету жұмыстарының барлығын білікті техник орындауы керек.
- Пісіру панелін тазалау үшін бумен тазалағышты пайдаланбаңыз.
- Пісіру панелінің үстіне ауыр заттар қоймаңыз немесе тастамаңыз.
- Пісіру панелінің үстінде тұрмаңыз.
- Жиектері тегіс емес табаларды пайдаланбаңыз немесе табаларды шыны беттің үстінде сүйретпеңіз, себебі бұл әйнектің бетінде сызат қалдыруы мүмкін.
- Пісіру панелін тазалау үшін қазан қырғыштарды немесе басқа қатты абразив тазалау құралдарын пайдаланбаңыз, өйткені олар керамика әйнекте сызат қалдыруы мүмкін.
- Егер қуат сымы зақымданса, қауіп-қатердің алдын алу үшін оны өндіруші, оның қызмет көрсетуші өкілі немесе сол сияқты білікті мамандар ауыстыруы керек.
- Бұл жабдық тек тұрмыстық ортада пайдалануға арналған! Кез келген түрдегі коммерциялық мақсатта пайдалану өндірушінің кепілдігімен қамтылмайды!
- **АБАЙЛАҢЫЗ!** Жабдық және оның қол жететін бөлшектері пайдалану барысында ыстық болады. Кішкентай балаларды жолатпау керек.

- Қыздырғыш элементтерді ұстамаңыз.
- Үнемі бақыланбаған жағдайда, 8 жасқа толмаған балаларды жолатпау керек.
- Бұл жабдықты 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы жабдыққа қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен жабдықты қауіпсіз пайдалану туралы нұсқау берілген және олар бақыланған жағдайда пайдалануға болады.
- Балалар жабдықпен ойнамауы керек. Тазалау және пайдаланушы орындайтын техникалық күтім жұмыстарын балалар бақылаусыз орындамауы керек.
- АБАЙЛАҢЫЗ! Жануар майымен немесе өсімдік майымен конфоркада қараусыз пісіру қауіпті және өртке себеп болуы мүмкін. Өртті ЕШҚАШАН сумен өшіруге тырыспаңыз, оның орнына жабдықты өшіріп, жалынды қақпақпен немесе өрт басқыш жамылғымен жабыңыз.
- АБАЙЛАҢЫЗ! Өрт шығу қаупі: заттарды пісіру беттерінде сақтамаңыз.
- АБАЙЛАҢЫЗ! Егер ток жүретін бөліктерді қорғайтын шыны керамикадан немесе ұқсас материалдан жасалған плита беттері шытынаса, ток соғу мүмкіндігін болдырмау үшін жабдықты өшіріңіз.
- Бумен тазалағышты қолдануға болмайды.
- Жабдық сыртқы таймермен немесе бөлек қашықтан басқару жүйесімен басқаруға арналмаған.
- ЕСКЕРТУ! Пісіру процесін қадағалау керек. Қысқа мерзімді пісіру процесін үздіксіз қадағалау керек.
- Орнатқаннан кейін қуат сымына қол жеткізу мүмкін емес.


Өнімге шолу

Жоғарыдан қарағандағы көрініс



1. 2300 Вт аймағы, 3000 Вт дейін күшейтіледі
2. 1200 Вт аймағы, 1500 Вт дейін күшейтіледі
3. 1800 Вт аймағы, 2100 Вт дейін күшейтіледі
4. 1200 Вт аймағы, 1500 Вт дейін күшейтіледі
5. Басқару тақтасы

Басқару тақтасы



- | | |
|---|-------------------------------|
| 1. ҚОСУ/ӨШІРУ басқару элементі | 6. Күшейтуді басқару элементі |
| 2. Қыздыру аймағын таңдайтын басқару элементтері және қуатты реттеу пернесі | 7. Кідіртуді басқару |
| 3. Таймерді реттейтін басқару элементі | 8. Жылы ұстау |
| 4. Перне құлпын басқару элементі | 9. Автоматты түрде анықтау |
| 5. Энергия тиімділігі | 10. Икемді аймақ |


Өнім туралы ақпарат

Керамика/индукциялық конфорка электр кедергісі жоғары сыммен қыздыру, микрокомпьютерлік басқару мен көп қуатты таңдаудың арқасында ас үйдің әртүрлі талаптарын қанағаттандыра алады, сондықтан ол – қазіргі заманғы отбасылар үшін шынымен оңтайлы таңдау.

Конфорка негізінен тұтынушыларға арнап жасалған және дизайнын дербестеп икемдеуге болады. Конфорка қауіпсіз және сенімді жұмыс істеп, өміріңізді жайлы етеді және өмірден толық ләззат алуға мүмкіндік береді.

Индукциямен пісіру туралы бірер сөз

Индукциямен пісіру – қауіпсіз, озық, тиімді және үнемді пісіру технологиясы. Ол шыны бетті жанама қыздыру арқылы емес, тікелей табада қызу шығаратын электромагниттік тербелістер арқылы жұмыс істейді. Шыны оны таба қыздырғандықтан ғана қызады.




Жаңа конфорканы пайдаланар алдында

- «Қауіпсіздік ескертулері» бөліміне ерекше назар аударып отырып осы нұсқаулықты оқып шығыңыз.
- Индукциялық конфорканың бетінде әлі де болуы мүмкін қандай да бір қорғаныш үлдірді алып тастаңыз.

Сенсорлы басқару элементтерін пайдалану

- Басқару элементтері түрткеніңізге жауап береді, сондықтан қатты басудың қажеті жоқ.
- Саусағыңыздың ұшын емес, томпақ жерін пайдаланыңыз.
- Тұрту тіркелген сайын дыбыстық сигнал естисіз.
- Басқару элементтері әрқашан таза, құрғақ және оларды жабатын ешбір зат (мысалы, ыдыс немесе шүберек) болмауын қадағалаңыз. Тіпті жұқа су қабаты басқару элементтерін пайдалануды қиындатады.



Ыдыс-аяқты дұрыс таңдау



- Түбі индукциямен пісіруге жарамды ыдыстарды ғана пайдаланыңыз. Қаптамадан немесе табаның астынан индукция белгісін іздеңіз.
- Ыдысыңыздың жарамдылығын магнит сынағы тексеруге болады. Магнитті табаның түбіне қарай жылжытыңыз. Егер ол тартылса, таба индукцияға жарамды.
- Егер сізде магнит болмаса:
 1. Тексергіңіз келетін табаға су құйыңыз.
 2. «Пісіруді бастау үшін» бөліміндегі қадамдарды орындаңыз.
 3. Егер дисплейде  жыпылықтамай, су ысыса, таба жарамды.
- Мына материалдардан жасалған ыдыстар жарамайды: таза тот баспайтын болат, магнит түбі жоқ алюминий немесе мыс, шыны, ағаш, фарфор, керамика және фаянс.




Жанарғы өлшемі (мм)	Ең кішкентай ыдыс (диаметрі/мм)
160	120
180	140
210	180
280	180
Икемді аймақ	250


Жиектері тегіс емес немесе түбі жұмыр ыдыстарды қолданбаңыз.




Табаның табаны тегіс екеніне, шыныға тығыз жанасып орналасатынына және пісіру аймағының өлшемімен бірдей екеніне көз жеткізіңіз. Табаны әрқашан пісіру аймағының ортасына қойыңыз.



Әрқашан табаларды керамика конфоркадан көтеріп алыңыз – сырғытпаңыз, әйтпесе олар шыныда сызат қалдыруы мүмкін.



- Ферромагниттік аймағының диаметрі (табаның түбі) төмендегі кестеде көрсетілген өлшемдердің ауқымындағы табаларды пайдаланыңыз. (1-кесте)
 - Кішірек кәстрөлдерді пайдалансаңыз, өнімділікке әсер етуі мүмкін
 - Диаметрі жоғарыдағы кестеде көрсетілгеннен кішірек ыдысты пайдалансаңыз, кәстрөлдер анықталмауы мүмкін.
 Аймақтың өлшеміне сәйкес, төмендегі суреттегідей әртүрлі диаметрлі кәстрөлдерді пайдалануға болады:



- Егер ферромагниттік бөлік табаның түбін ішінара ғана жауып тұрса, тек ферромагниттік аймақ қызады, ал түптің қалған бөлігі пісіру үшін жеткілікті температураға дейін қызбауы мүмкін.



- Егер ферромагниттік аймақ біртекті болмаса, бірақ онда алюминий сияқты басқа материал болса, бұл қыздыруға және табаны анықтауға әсер етуі мүмкін.

Табаның түбі төмендегі суреттерге ұқсас болса, табаны анықталмауы мүмкін.




Индукциялық конфорканы пайдалану


Пісіруді бастау үшін

- Қуатты қосқаннан кейін, дыбыстық сигнал бір рет шығады, индикаторлардың барлығы 1 секунд жанып, содан кейін сөніп, конфорка күту режиміне өткенін білдіреді.

1. ҚОСУ/ӨШІРУ  қосқышын түртсеңіз, барлық индикаторда «-» көрсетіледі
2. Пайдаланғыңыз келетін пісіру аймағына сәйкес келетін табаны қойыңыз. Табаның түбі мен пісіру аймағының беті таза және құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.




3. «Слайдер» басқару элементін түртіп қыздыру параметрін таңдаңыз.
 - Егер 1 минут ішінде қыздыру параметрін таңдамасаңыз, индукциялық конфорка автоматты түрде өшеді. Қайтадан 1-қадамнан бастау қажет болады.
 - Пісіру барысында қызу параметрін кез келген уақытта өзгертуге болады.



Пісіріп болған кезде

1. «Слайдер» басқару элементін «0» деңгейіне дейін түрту арқылы пісіру аймағын өшіріңіз. Дисплейде «0» көрсетілгеніне көз жеткізіңіз.
2. ҚОСУ/ӨШІРУ басқару элементін түрту арқылы конфорканы толығымен өшіріңіз.



3. Ыстық беттерден сақ болыңыз
«Н» көрсетіліп, пісіру аймағы тым ыстық екенін білдіреді. Ол бет қауіпсіз температураға дейін суыған кезде жоғалады. Сондай-ақ оны қуат үнемдеу функциясы ретінде пайдалануға болады: егер табаларды одан әрі қыздырғыңыз келсе, әлі ыстық болып тұрған плитаны пайдаланыңыз.



Қуатты басқару функциясын пайдалану

Өртүрлі қуат диапазондарын таңдай отырып, индукциялық конфорканың максимум қуатты сіңіру деңгейін орнатуға болады.

Индукциялық конфоркалар шамадан тыс жүктелу қаупін болдырмас үшін төмен қуат деңгейінде жұмыс істеу үшін автоматты түрде өзін-өзі шектей алады.

Қуатты басқару функциясына кіру үшін

1. Конфорканы қосыңыз, содан кейін «+» (таймер) және «Кідірту» түймелерін бір уақытта басыңыз. Уақыт индикаторында «P5» көрсетіліп, қуат деңгейі 5 екенін білдіреді. Әдепкі режим – 7,2 кВт.



Басқа деңгейге ауысу үшін

Таймердегі +/- түймесін басыңыз. «P1» пен «P5» аралығында 5 қуат деңгейі бар. Таймер индикаторында олардың біреуі көрсетіледі.

«P1»: максимум қуат – 2,5 кВт.

«P2»: максимум қуат – 3,5 кВт.

«P3»: максимум қуат – 4,5 кВт.

«P4»: максимум қуат – 5,5 кВт.

«P5»: максимум қуат – 7,2 кВт.



Қуатты басқару функциясын растау және одан шығу

Растау үшін «+» (таймер) және кідірту түймесін бір уақытта басыңыз, содан кейін конфорка өшеді.



Күшейту функциясын пайдалану

Күшейту функциясын іске қосыңыз

1. Таңдағыңыз келетін аймақтың слайдер басқару элементін түртіңіз.




Ескертпе: Көпір аймағының қуат параметрі кез келген басқа қалыпты аумақпен бірдей жұмыс істейді.

2. Дисплей жыпылықтаған кезде, күшейткіш пернесін BOOST түртсеңіз, қуат деңгейінің көрсеткіші «Р» көрсетеді.



Күшейту функциясынан бас тарту

1. Күшейту функциясынан бас тарту үшін «слайдерді» түртіңіз де, орнатқыңыз келетін деңгейді таңдаңыз.



- Күшейту функциясы тек 5 минутқа созылуы мүмкін, одан кейін аймақ автоматты түрде 9-деңгейге өтеді.

Автоматты түрде анықтау функциясын пайдалану

Автоматты түрде анықтау функциясы іске қосылса, ол автоматты түрде табаны анықтап, оның қайда екенін көрсетеді.

Автоматты түрде анықтау функциясын іске қосу

Бұл функцияны іске қосу үшін Автоматты түрде анықтау пернесін басыңыз.

Табаны анықтау мүмкін болса, дисплейде «0» көрсетіледі.



Автоматты түрде анықтау функциясынан бас тарту

Бұл функциядан бас тарту үшін Автоматты түрде анықтау түймесін қайтадан басыңыз.

Энергияны үнемдеу функциясын пайдалану

Индукциялық конфоркаларда неғұһұрлым жақсы кәстрөл пайдалансаңыз, соғұрлым тиімділікке ие боласыз. Бұл ЕЕ функциясы кәстрөлдердің сапасын автоматты түрде анықтап, сіз пайдаланатын тиімділікті көрсете алады.

Энергияны үнемдеу функциясын іске қосу

ЕЕ түймесін басыңыз, ЕЕ% индикаторы жанады.

Дисплей сіз пайдаланатын қуат пайызын көрсетеді.



Таймер, пернелерді құлыптау немесе ЕЕ функциялары бір уақытта іске қосылса, ол сәйкес ақпаратты кезекпен көрсетеді.


Энергияны үнемдеу функциясынан бас тарту

ЕЕ түймесін басыңыз, ЕЕ% индикаторы сөніп, функция тоқтатылады.

Жылы ұстау функциясын пайдалану

Жылы ұстау функциясын іске қосу

1. Орнатқыңыз келетін аймақтың слайдер басқару элементін түртіңіз.
2. Жылы ұстауды басқару элементін түрткенде, аймақ индикаторында «|» көрсетіледі




Жылы ұстау функциясынан бас тарту

Жылы ұстау функциясынан бас тартқыңыз келетін аймақтың слайдер басқару элементін түртсеңіз, пісіру аймағы сіз таңдаған деңгейге оралады.

Кідірту функциясын пайдалану

1. Кідірту басқару элементін || бассаңыз, қыздыру аймақтары жұмысын тоқтатады. Барлық аймақ көрсеткішінде «||» көрсетіледі



2. Кідіртуді басқару элементін || қайтадан бассаңыз, қыздыру аймақтарының барлығы бастапқы күйіне қайтады.
 - Функцияны бір немесе бірнеше қыздыру аймағы жұмыс істеп тұрғанда қолдануға болады.
 - Егер 30 минут ішінде жұмысты тоқтату режимінен бас тартпасаңыз, индукциялық конфорка автоматты түрде өшеді.

Басқару элементтерін құлыптау

- Байқаусызда қосылып кетпеуі (мысалы, балалардың пісіру аймақтарын абайсызда қосуы) үшін басқару элементтерін құлыптауға болады.

- Басқару элементтері құлыпталған кезде, ҚОСУ/ӨШІРУ басқаруынан басқа барлық басқару элементтері ажыратылады.

Басқару элементтерін құлыптау үшін

Перне құлпы  басқару элементін түрткіз. Таймер индикаторында «Lo» көрсетіледі.



Басқару элементтерінің құлпын ашу үшін

1. Конфорка қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
2. Перне құлпын басқару элементін  3 секунд басып тұрыңыз.
3. Енді конфорканы пайдалана бастауыңызға болады.



Конфорка құлыптау режимінде болғанда, ҚОСУ/ӨШІРУ түймесінен басқа басқару элементтерің барлығы ажыратылады. Төтенше жағдайда конфорканы әрқашан ҚОСУ/ӨШІРУ басқару элементімен өшіруге болады, бірақ келесі жолы пайдаланатын кезде алдымен конфорканың құлпын ашу керек.

Қалдық қызу туралы ескерту

Конфорка біраз уақыт пайдаланылған кезде, шамалы қалдық қызу болады. «Н» әрпі алыс тұруыңыз керектігін ескерту үшін көрсетіледі.



Автоматты түрде өшу

Конфорканың қауіпсіздік функциясы – автоматты түрде өшу. Бұл функция сіз пісіру аймағын өшіруді ұмытып кеткен кезде іске қосылады. Әдепкі өшу уақыттары төмендегі кестеде көрсетілген:

Қуат деңгейі	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Әдепкі жұмыс таймері (сағат)	8	8	8	4	4	4	2	2	2

Таймерді пайдалану

Таймерді екі түрлі жолмен пайдалануға болады:

- Оны кері санақ таймері ретінде пайдалануға болады. Мұндай жағдайда белгіленген уақыт аяқталған кезде, таймер ешбір пісіру аймағын өшірмейді.
- Уақыт аяқталғаннан кейін, бір немесе бірнеше пісіру аймағын өшіру үшін оны өшіру таймері ретінде пайдалануға болады.
- Таймерді 99 минутқа дейін орнатуға болады.

Таймерді кері санақ таймері ретінде пайдалану

1. Конфорка қосұлы екеніне көз жеткізіңіз. Ал аймақты таңдау пернесі іске қосылмаған (аймақ индикаторында «-» жыпылықтамайды).

Ескертпе: Кері санақ таймерін пісіру аймағының қуат параметрі аяқталғанға дейін немесе одан кейін орнатуға болады.

2. «+»«-» түймесін түрту арқылы уақытты орнатыңыз.

«+» түймесін бір рет бассаңыз, уақыт бір минутқа артады, ал «-» түймесін бір рет бассаңыз, уақыт бір минутқа азаяды. Орнатылған уақыт 99 минуттан асқан кезде, ол автоматты түрде «00» минутқа қайтады.

Егер «-» және «+» пернелері бір уақытта басылса, индикаторда «00» көрсетіледі.



3. Уақыт орнатылған кезде, ол бірден кері санай бастайды. Экранда қалған уақыт көрсетіледі.

4. Уақыт орнатылып болған кезде, 30 секунд бойы дыбыстық сигнал беріледі де, таймер индикаторында «- -» көрсетіледі.



Таймерді бір немесе бірнеше пісіру аймағын өшіру үшін пайдалану

1. Таймері орнатылатын пісіру аймағының слайдер басқару элементін басыңыз.




2. «+» «-» түймесін түрту арқылы уақытты орнатыңыз.
«+» түймесін бір рет бассаңыз, уақыт бір минутқа артады, ал «-» түймесін бір рет бассаңыз, уақыт бір минутқа азаяды. Орнатылған уақыт 99 минуттан асқан кезде, ол автоматты түрде «00» минутқа қайтады. Егер «-» және «+» пернелері бір уақытта басылса, индикаторда «00» көрсетіледі.



3. Уақыт орнатылған кезде, ол бірден кері санай бастайды. Экранда қалған уақыт көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ: Қуат деңгейі көрсеткішінің төменгі оң жақ бұрышында сол аймақ таңдалғанын көрсететін қызыл нүкте болады.




4. Пісіру таймерінің уақыты аяқталғанда, тиісті пісіру аймағы автоматты түрде өшеді.
Ескертпе: Басқа пісіру аймақтары бұрын қосылған болса, олар жұмыс істей береді.

Таймер бірнеше аймаққа орнатылған болса:

1. Таймерді бірнеше пісіру аймағы үшін орнатқанда, тиісті пісіру аймақтарының қызыл нүктелері көрсетіледі. Таймер дисплейінде мин. таймер көрсетіледі. Сәйкес аймақтың нүктесі жыпылықтайды.



2. Кері санақ таймерінің уақыты біткеннен кейін, сәйкес аймақ өшеді. Содан кейін онда жаңа мин. таймері көрсетіліп, сәйкес аймақтың нүктесі жыпылықтайды.



Ескертпе: Қыздыру аймағын таңдайтын басқару элементін түртсеңіз, таймер индикаторында тиісті таймер көрсетіледі.

Таймерден бас тарту

Таймерді «00» күйіне орнату үшін «-» таймер пернесін түртсеңіз, таймерден бас тартылады.

Пісіру бойынша нұсқаулар

Қуыру кезінде абай болыңыз, өйткені жануар майы мен өсімдік майы өте тез қызады, әсіресе Күшейту функциясын қолдансаңыз. Аса жоғары температураларда өсімдік майы мен жануар майы өздігінен тұтанады және бұл үлкен өрт қаупін тудырады.

Пісіруге қатысты кеңестер

- Тағам қайнаған кезде, қуат параметрін төмендетіңіз.
- Қақпақты қолданғанда, пісіру уақыты қысқарады және қызуды сақтап қалу арқылы энергия үнемделеді.
- Пісіру уақытын қысқарту үшін сұйықтықтың немесе майдың мөлшерін барынша азайтыңыз.
- Пісіруді жоғары параметрден бастап, тамақ толық ысыған кезде параметрді төмендетіңіз.

Баяу отпен қайнату, күріш пісіру

- Баяу отпен қайнау қайнау температурасынан төмен, шамамен 85°C температурада, пісіру сұйықтығының бетіне анда-санда көпіршіктер көтерілген кезде болады. Бұл – дәмді сорпалар мен нәзік бұқтырылған тағамдардың кілті, өйткені дәмі шамадан тыс пісірместен қалыптасады. Сондай-ақ жұмыртқадан жасалатын және ұнмен қоюландырылатын тұздықтарды қайнау нүктесінен төмен температурада пісіру керек.
- Кей тапсырмалар, соның ішінде сіңіру әдісімен күрішті пісіру үшін тағамның ұсынылған уақытта дұрыс пісуін қамтамасыз ету үшін ең төменгі параметрден жоғары параметр қажет болуы мүмкін.

Қызартып қуырылған стейк

Сәлді әрі дәмді стейктерді пісіру үшін:

1. Пісіру алдында етті бөлме температурасында шамамен 20 минут ұстаңыз.
2. Түбі ауыр қуыру табасын қыздырыңыз.
3. Стейктің екі жағына щеткамен май жағыңыз. Ыстық табаға аз мөлшерде май құйыңыз, содан кейін етті ыстық табаға түсіріңіз.

- Пісіру кезінде стейкті тек бір рет аударыңыз. Нақты пісіру уақыты стейктің қалыңдығына және оны қалай пісіргіңіз келетініне байланысты болады. Уақыт әр жағынан шамамен минутқа дейін өзгеруі мүмкін. Оның қаншалықты піскенін өлшеу үшін стейкті басыңыз – ол неғұрлым қатты сезілсе, соғұрлым ол «толық піскен» болады.
- Стейкті дастарханға қояр алдында жұмсақ болу үшін бірнеше минутқа жылы табаққа қалдырып, дем алдырыңыз.

Араластырып қуыру үшін

- Үйлесімді түбі жалпақ керамика табаны немесе үлкен қуыру табасын таңдаңыз.
- Барлық ингредиенттер мен жабдықтарды дайындап алыңыз. Араластырып қуыру тез болуы керек. Егер көп мөлшерде пісірсеңіз, тағамды бірнеше кішкене партиямен пісіріңіз.
- Табаны алдын ала сәл қыздырып, екі ас қасық май қосыңыз.
- Кез келген етті алдымен пісіріп, оны бір жаққа қойып, жылы ұстаңыз.
- Көкөністерді араластырып қуырыңыз. Олар ыстық, бірақ әлі де қытырлақ болып тұрғанда, пісіру аймағын төменірек параметрге бұрап, етті қайтадан табаға салып, тұздығыңызды қосыңыз.
- Ингредиенттер толық ысуын қамтамасыз ету үшін оларды ақырын араластырыңыз.
- Бірден дастарханға қойыңыз.

Қызу параметрлері

Қызу параметрі	Жарамдылығы
1-2	• аз мөлшердегі тағамды аздап жылыту • шоколадты, сары майды еріту және тез күйіп кететін тағамдар • баяу отпен жұмсақ қайнату • баяу жылыту
3-4	• қайта ысыту • жылдам баяу отпен қайнату • күріш пісіру
5-6	• құймақ
7-8	• шала қуыру • паста пісіру
9	• араластырып қуыру • қызартып қуыру • сорпаны қайнатып алу • су қайнату

Күтім және тазалау

Не?	Қалай?	Маңызды!
Шыныдағы күнделікті ластану (саусақ іздері, іздер, тағамнан қалған дақтар немесе шыныдағы тасып кеткен қантсыз төгілділер)	1. Пісіру панелінің қуатын өшіріңіз. 2. Шыны әлі жылы (бірақ ыстық емес!) болып тұрған кезде пісіру панеліне арналған тазартқыш құрал себіңіз 3. Шайыңыз да, таза шүберекпен немесе қағаз сүлгімен құрғатыңыз. 4. Пісіру панелінің қуатын қайта қосыңыз.	• Пісіру панелінің қуаты өшірілгенде, «ыстық бет» белгісі болмайды, бірақ пісіру аймағы әлі де ыстық болуы мүмкін! Аса мұқият болыңыз. • Қатты қырғыштар, кейбір нейлон қырғыштар және қатты/абразив тазалағыш құралдар әйнекте сызат қалдыруы мүмкін. Тазалағыш құрал немесе қырғыштың жарамдылығын тексеру үшін әрқашан жапсырманы оқып шығыңыз. • Пісіру панелінде ешқашан тазалау қалдықтарын қалдырмаңыз: шыныда дақ қалуы мүмкін.
Шыныға тасыған, еріген және ыстық қантты төгілген тағамдар	Оларды балық тілімімен, бояғыш пышақпен немесе керамикалық шыны пештерге жарамды қырғышпен кетіріңіз, бірақ пісіру аймағының ыстық беттерінен сақ болыңыз: 1. Пісіру панелінің қуаты қабырғадағы қосқыштан өшіріңіз. 2. Пышақты немесе құралды 30° бұрышта ұстаңыз да, кірді немесе төгілген тағамды пісіру панелінің салқын жеріне қырыңыз. 3. Кірді немесе төгілген тағамды ыдыс-аяқ сүртетін шүберекпен немесе қағаз сүлгімен тазалаңыз. 4. Жоғарыдағы «Әйнектің күнделікті ластануы» бойынша 2-4-қадамдарды орындаңыз.	• Еріген және қантты тағамнан немесе төгілген тағамнан қалған дақтарды мүмкіндігінше тезірек кетіріңіз. Әйнекте салқындату үшін қалдырсаңыз, оларды кетіру қиын болуы немесе тіпті шыны бетін біржолата зақымдауы мүмкін. • Кесу қаупі: сактандырғыш қақпағы тартылған кезде, қырғыштағы пышақ жүзі ұстарадай өткір болады. Пайдаланғанда аса сақ болу керек және әрқашан қауіпсіз және балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
Сенсорлы басқару элементтеріне төгілген заттар	1. Пісіру панелінің қуатын өшіріңіз. 2. Төгілген затты сорғытып алыңыз 3. Сенсорлы басқару элементтері аймағын таза дымқыл губкамен немесе шүберекпен сүртіңіз. 4. Аймақты қағаз сүлгімен толық құрғатып сүртіңіз. 5. Пісіру панелінің қуатын қайта қосыңыз.	• Пісіру панелі дыбыстық сигнал беріп, өздігінен өшуі мүмкін және сенсорлы басқару элементтері үстінде сұйықтық болған кезде жұмыс істемеуі мүмкін. Пісіру панелін қайта қосардан бұрын сенсорлы басқару аймағын құрғатып сүртіңіз.

Көмек және кеңестер

Мәселе	Ықтимал себептері	Не істеу керек
Пісіру панелін қосу мүмкін емес.	Қуат жоқ.	Пісіру панелі қуат көзіне қосылғанын және оның қосулы екенін тексеріңіз. Үйіңізде немесе аймағыңызда электр қуаты өшіп қалмағанын тексеріңіз. Барлығын тексеріп, мәселе шешілмесе, білікті техникті шақырыңыз.
Сенсорлы басқару элементтері жауап бермейді.	Басқару элементтері құлыптанған.	Басқару элементтерінің құлын ашыңыз. Нұсқауларды «Керамика пісіру панелін пайдалану» бөлімінен қараңыз.
Сенсорлы басқару элементтерін басқару қиын.	Басқару элементтерінің үстінде аздаған су қабаты болуы мүмкін немесе басқару элементтерін саусағыңыздың ұшымен түрткен болуыңыз мүмкін.	Сенсорлы басқару аймағының құрғақ екеніне көз жеткізіңіз және басқару элементтерін саусағыңыздың топмақ жерімен түртіңіз.
Шыны сызылып жатыр.	Ыдыстың жиектері кедір-бұдырлы. Жарамсыз, абразив қырғыш немесе тазалау құралдары қолданылуда.	Түбі жалпақ және тегіс ыдыстарды пайдаланыңыз. «Дұрыс ыдысты таңдау» бөлімін қараңыз. «Күту және тазалау» бөлімін қараңыз.
Кейбір табалар сықырлаған немесе сыртылдаған дыбыстар шығарады.	Бұл ыдыстың құрылысына байланысты болуы мүмкін (өртүрлі металлдардың қабаттары өртүрлі дірілдейді).	Бұл ыдыс үшін қалыпты жағдай және ақауды білдірмейді.
Индукциялық конфорка жоғары қызу режимінде пайдаланылған кезде аздап дыбыс шығарады.	Бұл индукциялық пісіру технологиясына байланысты.	Бұл – қалыпты жағдай, бірақ қызу параметрін төмендеткен кезде шу тынышталуы немесе толығымен жоғалуы керек.
Индукциялық конфоркадан шығатын желдеткіш шуы.	Индукциялық конфоркаға орнатылған салқындататын желдеткіш электрониканың қызып кетуіне жол бермеу үшін қосылды. Ол индукциялық конфорканы өшіргеннен кейін де жұмысын жалғастыруы мүмкін.	Бұл қалыпты жағдай және ешқандай әрекет қажет емес. Желдеткіш жұмыс істеп тұрғанда индукциялық конфорканың қуатын қабырғадағы қосқыштан өшірмеңіз.
Табалар қызбайды, бірақ дисплейде көрінеді.	Индукциялық конфорка табаны анықтай алмайды, себебі ол индукциямен пісіруге жарамайды. Индукциялық конфорка табаны анықтай алмайды, себебі ол пісіру аймағы үшін тым кішкентай немесе оның ортасында дұрыс орналаспаған.	Индукциямен пісіруге жарамды ыдысты пайдаланыңыз. «Дұрыс ыдысты таңдау» бөлімін қараңыз. Табаны ортаға қойып, оның түбі пісіру аймағының өлшеміне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
Индукциялық конфорка немесе пісіру аймағы күтпеген жерден өшіп қалды, дыбыс естіледі де, қате коды көрсетіледі (әдетте пісіру таймерінің дисплейіндегі бір немесе екі санмен кезектесіп отырады).	Техникалық ақау.	Қате әріптері мен сандарын жазып алыңыз, индукциялық конфорканың қуатын қабырғадағы қосқыштан өшіріңіз және білікті техникке хабарласыңыз.

Ақауларды көрсету және тексеру

Егер ауытқу пайда болса, индукциялық конфорка автоматты түрде қорғау күйіне еніп, сәйкес қорғау кодтарын көрсетеді:

Мәселе	Ықтимал себептері	Не істеу керек
E4/E5	Температура датчигі істен шыққан	Жеткізушіге хабарласыңыз.
E7/E8	IGBT температура датчигі істен шыққан.	Жеткізушіге хабарласыңыз.
E2/E3	Қуат беру кернеу қалыптан тыс	Қуат көзі қалыпты екенін тексеріңіз. Қуат көзі қалыпқа келгенде, қуатты қосыңыз.
E6/E9	Индукциялық конфорканың жылу шығаруы нашар	Индукциялық конфорка суығаннан кейін қайта іске қосыңыз.

Жоғарыда айтылғандар – жалпы ақаулар бойынша жорамал және тексеру әдістері. Индукциялық конфоркаға қауіп төнбеуі және зақым келмеуі үшін құрылғыны өз бетіңізше бөлшектемеңіз.

Техникалық спецификация


Индукциялық конфорка	CI642MCBBRU
Пісіру аймақтары	4 аймақ
Қуат беру кернеуі	220-240 В, 50/60 Гц
Орнатылған электр қуаты	7200 Вт
Өнім өлшемі Т×Е×Б (мм)	590×520×58
Орнатылатын жердің өлшемдері А × В (мм)	560×490

Салмағы мен өлшемдері шамамен берілген. Біз өнімдерімізді үнемі жақсартуға тырысатындықтан, техникалық сипаттамалар мен дизайнды алдын ала ескертусіз өзгертуіміз мүмкін.

Орнату


Орнату жабдыктарын таңдау

- Сызбада көрсетілген өлшемдерге сәйкес жұмыс бетін ойыңыз.
- Орнату және пайдалану мақсатында тесіктің айналасында кемінде 50 мм бос орын қалуы керек.
- Жұмыс бетінің қалыңдығы кем дегенде 30 мм екеніне көз жеткізіңіз. Ыстық плитаның жылу шығарудан болатын үлкен деформацияны болдырмау үшін ыстыққа төзімді жұмыс беті материалын таңдаңыз. Төменде көрсетілгендей: Абайлаңыз: Жұмыс бетінің материалында қаныққан сүрек немесе басқа оқшаулағыш материал пайдаланылуы керек.



	Y (мм)	E (мм)	B (мм)	T (мм)	A (мм)	V (мм)	X (мм)
CI642MCBBRU	590	520	58	54	560	490	50 шағын

Кез келген жағдайда конфорка жақсы желдетілуін және ауа кірісі мен шығысының бітеліп қалмауын қадағалаңыз. Конфорка жұмысқа жарамды күйде болуын қамтамасыз етіңіз. Төменде көрсетілгендей. Ескертпе: конфорка мен конфорканың үстіндегі шкаф арасындағы қауіпсіздік қашықтығы кемінде 760 мм болуы керек.



A (мм)	B (мм)	C (мм)	D	E
760	50 шағын	20 шағын	Ауа кірісі	Ауа шығысы 5 мм

Конфорканы орнатудан бұрын, төмендегілерге көз жеткізіңіз

- Жұмыс беті шаршы және тегіс, құрылым элементтері кеңістік талаптарына кедергі келтірмейді.
- Жұмыс беті ыстыққа төзімді материалдан жасалған.
- Егер конфорка пештің үстіне орнатылса, пештің ішінде салқындататын желдеткіш болады.
- Орнату барлық габарит талаптарына және қолданыстағы стандарттар мен ережелерге сай.
- Желілік қуат көзінен толық ажыратуды қамтамасыз ететін жарамды окшаулайтын қосқыш тұрақты сымға енгізілген, жергілікті сым жүргізу ережелері мен нормаларына сәйкес орнатылып, орналастырылған.
- Окшаулайтын қосқыш мақұлданған типті болуы керек және барлық полюстерде (немесе жергілікті сымдар ережелері талаптардың бұл өзгеруіне мүмкіндік берсе, барлық белсенді [фазалық] өткізгіштерде) контактілердің бөлетін 3 мм ауа саңылауын қамтамасыз етуі керек.
- Окшаулайтын қосқыш конфорка орнатылған жағдайда тұтынушының қолы оңай жететін жерде болады
- Орнатуға қатысты күмәніңіз болса, жергілікті құрылыс органдарымен кеңесіп, жергілікті билік қаулыларын қараңыз
- Конфорканы қоршап тұрған қабырға беттері үшін ыстыққа төзімді және оңай тазаланатын әрлеуді (керамика тақташалар сияқты) пайдаланасыз.

Конфорканы орнатқан кезде, төмендегілерге көз жеткізіңіз


- Қуат беру кабеліне шкаф есіктері немесе жәшіктер арқылы қол жетпейді.
- Шкафтың сыртынан конфорканың түбіне жеткілікті ауа барады.
- Конфорка тартпаның немесе шкаф кеңістігінің үстіне орнатылса, конфорканың түбінің астында термиялық қорғаныш тосқауыл орнатылады.
- Окшаулайтын қосқышқа тұтынушы оңай қол жеткізе алады.

Бекіту кронштейндерін орналастырмас бұрын

Құрылғыны тұрақты, тегіс бетке қою керек (қаптаманы пайдаланыңыз).
Конфоркадан шығып тұрған басқару элементтеріне күш қолданбаңыз.

Бекіту кронштейндерінің орналасуы

- Құрылғыны тұрақты, тегіс бетке қою керек (қаптаманы пайдаланыңыз).
Конфоркадан шығып тұрған басқару элементтеріне күш қолданбаңыз.
- Орнатқаннан кейін, конфорканың астыңғы жағындағы (суретті қараңыз) төрт кронштейнді бұрап конфорканы жұмыс бетіне бекітіңіз.
- Кронштейн орнын әртүрлі жұмыс бетінің қалыңдығына сай етіп реттеңіз.




Ескертулер

- Конфорканы білікті қызметкерлер немесе техниктер орнатуы керек. Біздің кәсіби мамандарымыз қызметіңізге дайын. Жұмысты ешқашан өз бетіңізше орындамаңыз.
- Конфорканы салқындатқыш жабдықтарға, ыдыс жуғыштарға және айналмалы кептіргіштерге орнатуға болмайды.
- Конфорканың сенімділігін арттыру үшін жақсырақ жылу шығарылуын қамтамасыз ететіндей етіп орнатылуы керек.
- Жұмыс бетінің үстіндегі қабырға мен индукциялық қыздыру аймағы ыстыққа төзімді болуы керек.
- Қандай да бір зақым келмеу үшін көп қатпарлы қабат пен желім ыстыққа төзімді болуы керек.
- Бұмен тазалағышты қолдануға болмайды.
- Бұл керамиканы тек жүйе кедергісі 0,427 Омнан аспайтын қуат көзіне қосуға болады. Қажет болған жағдайда жүйе кедергісі туралы ақпарат алу үшін жабдықтаушы органмен кеңесіңіз.

Конфортканы ток көзіне қосу

Қуат көзі тиісті стандартқа сәйкес немесе бір полюсті автоматты ажыратқышпен қосылуы керек. Жалғау әдісі төменде көрсетілген.



- Егер кабель зақымданса немесе оны ауыстыру қажет болса, оқыс оқиғалар болмауы үшін ондай жұмыстарды сатылымнан кейін қызмет көрсетуші техник тиісті құралдардың көмегімен орындауы керек.
- Егер жабдық тікелей ток көзіне қосылса, контактілердің арасында кем дегенде 3 мм аралықпен көп полюсті тізбек ажыратқышы орнатылуы керек.
- Орнатушы дұрыс электр байланысы орнатылуын және ол қауіпсіздік ережелеріне сай болуын қамтамасыз етуі керек.
- Кабель иілмеуі немесе қысылмауы керек.
- Кабель жүйелі түрде тексерілуі және оны тек тиісті біліктілігі бар адам ауыстыруы керек.



ҚОҚЫСҚА ТАСТАУ:
Бұл құрылғыны
сұрыпталмаған қала
қоқысына тастамаңыз.
Мұндай қоқысты
арнайы жинау орнына
өткізу керек.

Бұл жабдық Электр және электрондық жабдық қалдықтары (WEEE) жөніндегі 19/EU Еуропа директивасына сәйкес жапсырмамен белгіленген. Осы жабдықтың қоқысқа дұрыс тасталуын қамтамасыз ету арқылы қоршаған ортаға және адам денсаулығына келуі мүмкін зиянды болдырмауға көмектесесіз, ал қоқысқа дұрыс тасталмаған жағдайда ол зиян келтіруі мүмкін.

Бұйымдағы таңба оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде өндеуге болмайтынын білдіреді. Оны электр және электрондық тауарларды қайта өңдейтін жинау пунктіне апарып тапсыру керек. Бұл жабдықты арнайы жолмен қоқысқа тастау қажет. Осы өнімді өндеуге, қалпына келтіруге және қайта өндеуге қатысты қосымша ақпарат алу үшін жергілікті кеңеске, тұрмыстық қалдықты тастау қызметіне немесе бұйым сатып алынған дүкенге хабарласыңыз.

Осы өнімді өндеуге, қалпына келтіруге және қайта өндеуге қатысты толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті қала кеңсесіне, тұрмыстық қалдықтарды тастау қызметіне немесе бұйым сатып алынған дүкенге хабарласыңыз.

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ

ПЕРЕД ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ УСТРОЙСТВА ВНИМАТЕЛЬНО ПРОЧИТАЙТЕ ЭТИ ИНСТРУКЦИИ.

Установка

Опасность поражения электрическим током

- Перед проведением каких-либо работ или техобслуживания отключайте прибор от сети электропитания.
- Подключение к хорошей системе заземления является важным и обязательным.
- Средства для отключения должны быть встроены в стационарную проводку в соответствии с правилами электромонтажа.
- Изменения в бытовую электропроводку должен производить только квалифицированный электрик.
- Несоблюдение этих рекомендаций может привести к поражению электрическим током или смерти.

Опасность порезов

- Будьте осторожны – края панели острые.
- Неосторожность может привести к травмам или порезам.

Важные указания по технике безопасности

- Внимательно прочитайте эти инструкции, прежде чем приступить к установке или пользоваться этим устройством.
- Запрещается в любое время класть на это устройство воспламеняющиеся материалы или продукты.
- Предоставьте данную информацию лицу, ответственному за монтаж устройства, так как это может снизить расходы на монтаж.

- Во избежание опасности данный прибор должен быть установлен в соответствии с этими инструкциями по монтажу.
- Надлежащую установку и заземление этого прибора должен производить только квалифицированный специалист.
- Этот прибор должен быть подключен к цепи, в которой установлен изолирующий выключатель, обеспечивающий полное отключение от источника питания.
- **ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ:** Используйте только защитное ограждение для варочной поверхности, разработанное производителем кухонного прибора или указанное производителем прибора в инструкциях по эксплуатации как подходящее, либо защитное ограждение для варочной поверхности, встроенное в прибор. Использование ненадлежащих защитных ограждений может стать причиной несчастных случаев.
- Неправильный монтаж устройства может привести к аннулированию всех гарантийных обязательств или претензий.
- Подробнее об установке см. в разделе <Установка>.

Эксплуатация и техническое обслуживание

Опасность поражения электрическим током

- Не готовьте на сломанной или треснувшей варочной панели. В случае повреждения или трещины в поверхности варочной панели немедленно отключите прибор от сети питания (настенный выключатель) и обратитесь к квалифицированному специалисту.
- Перед чисткой или техническим обслуживанием выключайте варочную панель настенным выключателем.

- Несоблюдение этих рекомендаций может привести к поражению электрическим током или смерти.

Опасность для здоровья

- Этот прибор соответствует стандартам электромагнитной безопасности.

Опасность горячей поверхности

- В процессе эксплуатации доступные части этого прибора будут нагреваться в достаточной степени, чтобы вызвать ожоги.
- Не допускайте контакта вашего тела, одежды или каких-либо других предметов, кроме подходящей посуды, с керамическим стеклом до тех пор, пока поверхность не остынет.
- Металлические предметы, такие как ножи, вилки, ложки и крышки, не следует класть на поверхность варочной панели, так как они могут нагреваться.
- Детей в возрасте до 8 лет нельзя допускать к электроприбору, если только они не находятся под постоянным присмотром.
- Ручки кастрюль могут быть горячими на ощупь. Убедитесь, что ручки кастрюли не нависают над другими зонами приготовления, которые включены. Ручки должны быть недосягаемы для детей.
- Несоблюдение этой рекомендации может привести к ожогам и ошпариваниям.

Опасность порезов

- При втягивании защитной крышки открывается острое лезвие скребка для варочной панели. Используйте с особой осторожностью и всегда храните в безопасном и недоступном для детей месте.
- Неосторожность может привести к травмам или порезам.

Важные указания по технике безопасности

- **Никогда не оставляйте прибор без присмотра во время использования.** Вследствие переливания кипящей жидкости через край образовывается дым и разбрызгивается жир, который может воспламениться.
- **Никогда не используйте прибор в качестве столешницы либо поверхности для хранения.**
- **Никогда не оставляйте на приборе какие-либо предметы или посуду.**
- **Никогда не используйте прибор для обогрева помещения.**
- **После использования всегда выключайте зоны приготовления и саму варочную панель в соответствии с описанием в данном руководстве (например, с помощью сенсорных элементов управления).**
Не полагайтесь на то, что функция обнаружения посуды отключит зоны приготовления, когда вы снимете ее.
- **Не позволяйте детям играть с электроприбором либо сидеть, стоять на нем или взбираться на него.**
- **Не храните предметы, представляющие интерес для детей, в шкафчиках над прибором.** Дети, забирающиеся на варочную панель, могут получить серьезные травмы.
- **Не оставляйте детей одних или без присмотра в зоне использования прибора.**
- **Детям или лицам с ограниченными возможностями, которые ограничивают их способность использовать прибор, нужно ответственное и компетентное лицо, которое обучило бы их его эксплуатации.** Инструктор должен убедиться, что такие лица могут пользоваться прибором безопасно для себя и окружающих.
- **Не ремонтируйте и не заменяйте какую-либо часть прибора, если это не рекомендовано в руководстве.** Все остальное обслуживание должен выполнять квалифицированный специалист.


- Не используйте пароочиститель для чистки варочной панели.
- Не кладите и не бросайте тяжелые предметы на варочную панель.
- Не становитесь на варочную панель.
- Не используйте посуду с зазубренными краями и не перетаскивайте посуду по стеклянной поверхности, поскольку вы можете ее поцарапать.
- Не используйте металлические мочалки или любые другие жесткие абразивные чистящие средства для чистки варочной панели, поскольку они могут поцарапать керамическое стекло.
- При повреждении кабеля питания во избежание возможной опасности его замену должен осуществлять производитель, его сервисный представитель или лица с подобной квалификацией.
